

№ 5 Лекция тақырыбы: Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығы (XV ғ. - XVIII ғ. басы)

Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

Лекция мазмұны.

1. Қазақ халқы қалыптасуының тарихи алғышарттары.
2. Қазақ хандығының құрылуы, оның барысы және негізгі оқиғалары.
3. Қазақ хандығының XVI ғ. әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы.
4. Қазақ хандығы XVII ғ. және XVIII ғ. басында

1. Қазақ халқы қалыптасуының тарихи алғышарттары. Халықтың қалыптасуы өте күрделі және ұзақ үрдіс болып табылады. Ғалымдар қазақ этносы өзінің рассалық-генетикалық бастауын осы қола дәуірінен алады деп есептейді. Оны қазақтың ұлттық мәдениетімен андроновтықтардың мәдениетінің ұқсастығы дәлелдейді. Мысалы, андроновтықтардың қыштан істелінген заттарындағы өрнектер қазіргі қазақ кілемдеріндегі өрнек нақыштарымен сәйкес келеді. Отқа, ата-баба рухына табыну, көптеп қой, жылқы малдарын өсіру және оны тамақ ретінде пайдалану андроновтықтар мен қазақтардың өмір салтының ұқсастығының белгісі болып табылады.

Қазақстан жерін мекендеген үйсін, сақ, ғұн, қаңлы және сармат тайпалары қазақтардың арғы тегі болып табылады. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша үйсін тайпалары мен кейінгі қазақ этносының арасында тікелей этногенетикалық байланыс бар. Оларда көшпелі өмір салты мал шаруашылығымен байланысты, киіз үйді кең пайдаланған, ет-сүт өнімдерін тамаққа қолданған, бидайдан нан пісірген және т.б. айқындаушы ұқсастықтар көп. Сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік құрылымда да ұқсастық бар. Үйсін мемлекеті үш бөлікке бөлінген: сол қанат, оң қанат және орталық қанат. Осы бөліністер олардың қазақ жүздерімен сәйкестігін көрсетеді. Бұл этногенетикалық ұқсастықты дәлелдейді.

Ғалымдар қазақ халқының қалыптасуын түрік этногенезінің басталуына жатқызады. Түркі кезеңіндегі шаруашылық-мәдени өмір кейін түркі халықтарының көбіне тән болды. Қазақстан жерін мекендеген түркі тайпалары моңғол шапқыншылығы қарсаңында біртұтас халық болып қалыптасуға даяр еді. Оған қимақ-қыпшақ конфедерациясы мысал болады. Олардың Алтайдан Еділге дейін алып жатқан территориясын парсы ақыны, саяхатшы Насир Хосроу «Қыпшақ даласы» деп атаған. Алайда моңғол шапқыншылығы бұл жердегі тайпаларды басқару жүйесіне және де шаруашылық жағдайына, әдет-дәстүрге өзгеріс әкелді. Моңғолдардың жаулап алу саясаты этникалық құрамға біршама өзгеріс жасады. Қазақстан территориясы әр түрлі этникалық топтардың қоныстану аренасына айналды. Ұлы қоныс аудару кезеңінде, кейін түркі және моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі этникалық араласу қазақтардың сыртқы түріне үлкен өзгеріс әкелді. Сонымен бірге этномиграциялық процесс нәтижесінде жергілікті тайпалар басқа тайпалармен араласып, оларды ассимиляциялады. Сондықтан да қазақтардың арғы тегіне Қазақстан территориясы өзіне Отан болған тайпаларды жатқызуға болады.

XIV-XV ғғ. Қазақстан және оған шекаралас аймақтарда Ақ Орда, Моғолстан, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы деген мемлекеттер болғаны белгілі. Ол мемлекеттер тұрғындарын өзбектер, өзбек-қазақтар, моғолдар және ноғайлар деп атаған. Бұл атауларда өзіндік этникалық және саяси мән болған. Егер де «халық» деген түсінік этникалық құрылым тұрғысынан қаралса, онда оны «этноним» терминімен белгілейді (өзбектер, қазақтар, қырғыздар). Халық өзінің атымен мемлекетке ат берсе, онда ол «политоним»

терминімен анықталады (моғолдар Моғолстан мемлекетінің халқы, ноғайлар – Ноғай Ордасының халқы), яғни бұл этносаяси ұғым. Тарихи-этнографиялық әдебиетте тарихи–этнографиялық өңірде құрылған мемлекеттің тұрғындарын этносаяси қауымдастық деп атайды.

Халық этникалық және саяси жағынан да тұтас болу үшін ең алдымен өзінің тәуелсіз мемлекеті болу керек. Біртұтастыққа ұмтылған тайпалар саяси жағынан Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай ордасы және Моғолстан сияқты мемлекеттерге бөлшектенді. Алайда осы мемлекеттер қазақ мемлекеттілігінің құрылуына, өзіндік этникалық кеңістіктің қалыптасуына негіз болды. Қазақ тайпалары мен рулары әр мемлекеттің құрамына кеткенімен, олар бір тілде сөйледі.

Қазақ халқының рулық–тайпалық құрамына келсек, ол үш жүзден және төмендегідей тайпалардан тұрды. Ұлы жүздің тайпалық құрамы: Жалайыр, Дулат, Албан, Суан, Қаңлы, Шапырашты, Сары үйсін, Ошақты, Ысты. Орта жүздің тайпалық құрамы: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Уақ, Керей. Кіші жүздің тайпалық құрамы: Жетіру, алты ата Өлімұлы, он екі ата Байұлы. Сонымен қатар Қазақ халқының құрамына төрелер мен кожалар кіреді.

Қазақ халқының қалыптасуы XV ғ. екінші жартысы мен XVI ғ. бас кезінде, тәуелсіз Қазақ хандығы қалыптасқан кезде аяқталды. Сөйтіп, халықтың қалыптасуының тағы бір жағдайы - өз мемлекетінің аты қалыптасты.

Қазақ хандығында біртіндеп ру-тайпалық сана әлсіреп, жалпы қазақтарға тән этникалық сана күшейді. «Қазақ жері», «қазақ мемлекеті», «қазақ елі» деген түсініктер кең өріс алды. Этникалық тарихи-хронологиялық қалыптасудың үш түрі бар: ру-тайпа, халық, ұлт. Бұл әр бірлестікте өзіндік этникалық сана болады. Этникалық сана - бұл адамның өзін белгілі этникалық бірлестіктің мүшесі деп санауы. Халық болып қалыптасуының алғашқы кезеңінде қазақтарда халықтық этникалық сананың орнына ру-тайпалық сана басым болды.

«Қазақ» (этноним) деген атаудың шығуы туралы көп пікір бар. Ғылыми тұрғыдан жазба әдебиетте «қазақ» атауының пайда болуы туралы толық тұжырым жоқ. Енесейде табылған VIII ғасырдағы түрік ескерткішінде «қазғак ұғылым» - «қазақ ұлым» деген сөз тіркесі кездеседі. IX-X ғасырларда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды мекендеген үш қарлық тайпаларының жалпы «хасақтар» деген аты болған. Қарлықтардың қазақ этногенезіне тікелей қатысы болғаны белгілі.

X-XI ғасырларға қатысты араб құжаттарында, сонымен бірге орыс жылнамаларында Қара теңіздің солтүстік шығыс жағалауындағы Касаг қаласы туралы, касагтар елі туралы деректер бар. Кейбір ғалымдардың пікірінше бұл жерде қазақтардың үлкен қонысы болған, олар бірігіп, XI ғасырда Дон мен Днепр жағалауына орныққан. X ғасырда билік құрған Византия императоры Константин Багрянородныйдың айтуы бойынша, Кавказдың солтүстік–батысында «қазақтар елі» болды. Әзірбайжанның батысында бүгінгі күнге дейін Қазақ ауданы бар.

Ең алғаш “Қазақ” сөзі мұсылман жазба деректеріндегі авторы белгісіз түркі-араб сөздігінде кездеседі. Ол сөздік мамлюктік Қыпшақ елінде құрылған деген болжам бар. Сөздік 1245 жылғы қолжазба түрінде жеткен және 1894 жылы Германияның Лейден деген қаласында басылып шығарылған. Бұл сөздікте қазақ терминінің «үйсіз», «кезбе», «қуғындалушы», «еркін» деген мағыналары берілген. Сонымен бұл сөздікте қазақ термині әлеуметтік мағынаға ие болып отыр. Осылай руынан, тайпасынан бөлініп, өз заңдары бойынша өмір сүрген адамдар тобын атаған.

«Алаш» пен «қазақ» деген сөздің мағынасы бір, монғол тілінде «хасақ», «талаушы» деген сөз деушілер де бар. Ал Шоқан Уалиханов «қазақ», «ерікті» деген мағынадағы сөз дейді. Қазақ байрыдан Алтын Орданың хандарынан бөлініп ерікті ел болған. Ешбір сөздікте «қазақ» деген сөз «ерікті» деген сөздің мағынасын қамтымайды. Будагов деген оқымысты «Түрік, татар тілінің салыстырмалы сөздігі» деген кітабында «қазақ» деген сөз «жай» деген сөз болуы керек дейді. Шынында бұл да дұрыс пікір емес, «Алаш» пен

«қазақты» бірдей қарау да мүмкін емес. Бұрынғы кітаптарда (Рашид ад-дин, Әбілғазылардың) «алаш» деген жоқ, «халаж» деп жазады. Бұл көп елдердің (Орта Азия халықтарының) біразына тән ортақ атау.

Академик Марр: «қазақ» атауын Азияны мекен еткен «сақ», «қас» деген тайпалармен байланыстырады. Олардың ұрпақтары, Орта Азия халықтарының арасына сіңісіп, өмір сүріп жатыр, - деген болжам айтады. Мүмкін осы 2 тайпа бірігіп, «қассак», келе-келе қазақ болып кеткен деген жорамал бар.

Парсы ақыны Фердаусидің «Шахнамасында» (патшалар тарихы) парсының шахтарымен қазақ деген ел соғысады. Бұл үлкен жұмбақ болып отыр. Өйткені бұл шығарма X ғасырда жазылған, ал бұдай кейін XII ғ. шейін «қазақ» деген атау еш жерде кездеспейді.

XI-XIII ғ. «Хасог» «Хосог» деген сөз кездеседі. Карамзиннің кітабында XI-XII ғасырларда еуропалық Ресейдің оңтүстігінде, солтүстік Кавказда, Оралда «хасогтар» өмір сүрген. Кавказдағы черкестер өздерін «қазақпыз» дейді. Әзірбайжанда «Қазақ» ауданы да бар. Карамзиннің қазақтары да осы черкестер мен әзербайжандар. Сондықтан қазақ атауы XI-XII ғасырда болғандығына күмәніміз болмаса керек. Абайдың кітабында «қазақ» арабтың «құзақ» деген сөзінен шыққан делінген. Бұл араб елінде көшпелі елдің аты. Абайдың бұл пікірін тағыда зерттеу керек.

Біраз тарихшылар «қазақ» сөзі ХҮ ғасырда ғана пайда болды дейді. Бұл пікір дұрыс емес. Қытай оқымыстысы Хэ Цютао, Чжань Симань қатарлылар әлдеқашан «қазақ» сөзі «үйсін» сөзінің баламасы екендігін атап көрсеткен еді. Нығмет Мыңжан Хань патшалығы кезіндегі «яньчарларды» (қыпшақтар) «қазақ» сөзінің Қытай иероглифіне бұрмаланып жазылуы деп қарайды.

Қазақ ғалымдары, соның ішінде тарихшы М. Ақынжанов пен жазушы С. Мұқанов «қазақ» этнонимі «қас» пен «ақ» сөздерінің бірігуінен келіп шыққан, «қас» сөзі «нағыз, рас» деген ұғымды білдіреді, ал «сақтар» болса ертеде Орта Азияны мекен еткен тайпа.

«Қазақ» сөзінің осы мағынасынан шыға отырып, жоғарыда көрсетілген деректерде еркін, үйсіз-кезбелердің көрсетілген аудандарда қоныстануы туралы айтылған деген қорытынды жасауға болады.

XV ғасырдың екінші жартысында «қазақ» термині өзбек ханы Әбілхайырдан Шу мен Талас өңіріне көшкен тайпалар тобына бекиді. Жәнібек пен Керейдің Өзбек ұлысынан Жетісуға көшуі қазақ халқының этногенезінде шешуші рөл атқарды. Бірақ негізгі рөл халықтың қалыптасуында емес, оның қазіргі кездегі атауында болды. Үдере көшу қазақ халқының қалыптасуын айқындаған жоқ, тек қалыптасып келе жатқан үрдісті тездетті. Бұл үрдістің өтпелі сипатына «өзбек-қазақ» термині дәлел болады. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңі белгілі тайпалар топтарының көптеген факторлардың ықпалымен әр түрлі даму сатысында тұрған Шығыс Дешті-Қыпшақ тұрғындарынан бөліну үрдісімен сипатталады. Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы түрлі хандықтарға қарап келген қазақ тайпаларын қазақ хандығына топтастырды. Қазақтың этникалық территориясын біріктірді, осы арқылы қазақтың халық болып қалыптасу барысы біржолата аяқталды.

Қазақ халқының қалыптасуымен бірге XV-XVI ғасырларда қазақ жүздері де қалыптаса бастады. Жүздер туралы жазба деректері ХҮІ ғасырда шығыс жылнамаларында кездеседі. Жүздердің құрылуы Қазақ жерінің табиғи климаттық жағдайлары мен халықтың көшпелі өмір салтына тығыз байланысты болды. Қазақстан өзіндік дамуына ықпал ететін табиғи-ландшафттық белдеулерден тұрады. Бұл – қазақ халқының шаруашылық, мәдени қызметінің табиғи ареалдары болған үш географиялық бөлік. Оларға Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу; Батыс Қазақстан; Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан аймақтары кіреді. Жүздер табиғи-климаттық ерекшеліктерге байланысты қалыптасқан шаруашылық және әскери- әкімшілік басқару жүйесі ретінде қалыптасты. Қазақ жүздерінің қалыптасуына қазақ халқының негізін құраған ру-тайпалардың моңғол ұлыстарының

құрамында, кейінірек жекелеген мемлекеттік бірлестіктер құрамында ұзақ уақыт болуы ықпал етпей қойған жоқ еді.

Ұлы жүз аумағы Сыр бойынан Жетісуға дейінгі жерлерді қамтиды. Оның құрамына үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр рулары енеді.

Арғын, қыпшақ, уақ, найман, қоңырат, керей және басқа да ру-тайпалар негізінде құралған Орта жүз аумағы Қазақстанның Солтүстік-Шығыс және Орталық бөлігін қамтиды.

Сырдарияның сағасын, Арал теңізінің жағалауын, Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігін Кіші жүз алып жатты. Оның құрамында он екі атадан тұратын: адай, жаппас, алаш, беріш, есентемір, серкеш т.б.; алты атадан тұратын жетіру: табын, тама, жағалбайлы т.б.; жеті атадан тұратын әлімұлы: қарасақал, төртқара, шекті, т.б. рулардан тұратын тайпалық одақ кірді.

Қазақ халқына тән негізгі сипат – оның рулық, тайпалық құрылымының күрделілігі. Этникалық топтар бір-бірімен сан түрлі жолдармен өзара тығыз байланысқан. Қазақ халқы үш жүзге бөлінеді. Жүз - тарихи-шаруашылық және географиялық аймақ, белгілі рулық топтың территориясы. Үш жүз географиялық орны мен климаттың айырмашылығымен ерекшеленеді. Ұлы жүз территориясы – Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан. Рулары – үйсін, дулат, албан, суан, жалайыр, қаңлы, сіргелі, ысты, ошақты, т.б. Орта жүз территориясы – Орталық және Солтүстік Қазақстан. Рулары- қыпшақ, арғын, найман, керей, қоңырат, уақ, т.б. Кіші жүз территориясы – Батыс Қазақстан. Рулары – алшын, адай, төртқара, жағалбайлы, табын, тама, қаракесек, байбақты, т.б.

2. Қазақ хандығының құрылуы, оның барысы және негізгі оқиғалары.

Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы қазақ хандығының құрылуына үлкен әсерін тигізді. Бұл екі процес бір-бірімен тығыз байланыста болды.

Қазақ халқының түрлі мемлекеттік бірлестіктерге бытырап саяси бөлшектенуін жоюға әрекет жасау Жошы ұрпақтары Жәнібек пен Керейдің үлесіне тиді.

Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның әлсіреуі және ыдырауы жағдайында кең байтақ аймақтың рулары мен тайпаларының ең ықпалды көсемдері саяси тәуелсіздікке ұмтылды, немесе Шыңғыс ұрпақтарынан қамқоршы іздестірді. Олардың көбі алғашқы қазақ хандарының біртұтас мемлекет құру, оны нығайтуға бағытталған іс әрекеттерді қолдады.

Қазақ рулары мен тайпаларының едәуір бөлігі сонау 40-50 жылдардың өзінде Қазақстанның оңтүстігіндегі жерлерде Қаратау баурайларында, Сырдарияның төменгі ағысында Керей мен Жәнібектің төңірегіне топтасқан еді. Әбілқайыр хан өз билігін нығайту жолында және өзіне бағынбаған басшыларымен күресіп жүргенде Ақ орда хандарының ұрпақтары бұл аумақта билігін қамтамасыз етіп алды.

Керей мен Жәнібектің нақты кімнің ұрпақтары екені әлі де толық зерттелмеген мәселе. Бірақ көптеген деректемелерде Жошының 13 і ұлы Тоқа Темірдің ұрпақтары делінген. Қыдырғали Жалайриде Ұрыс ханды Тоқа Темірдің ұрпағы деп санайды. Олардың екеуі де дәстүр бойынша Ақ Орданың дәрежесі тең билеушілері деп саналған, өйткені Орданың ұлысынан Тоқа Темірдің де үлесі берілген. Тоқа Темірдің ұрпақтары XIII ғ. өзінде Орда Еженнің ұлысына жатады деп саналған.

Тоқа Темірдің басқа баласы Үз Темірдің ұрпақтары Мұхаммед хан мен Ахмед хан Әбілқайыр ханға көп қарсылық көрсеткен. Әбілқайыр хан бұлардың шапқыншылығынан да қауіптеніп отырған.

Қарсылықтарын Әбілқайыр ақырына дейін баса алмаған Жошыдан тарайтын сұлтандар ішінде деректемелерде Ұрыс хан мен Барақ ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар да аталады. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Мырза Дуғлатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінде айтылады. Бұл туралы Хондемирдің «Хабиб ас Сийарында», «Бахр әл асарды» еңбектерінде де көрсетілген.

Жәнібек пен Керей жастары жағынан Ахмет хан мен Махмуд ханның замандастары, қатарлары ғана емес, сонымен қатар серіктері де болуы мүмкін. Керей мен Ахмет хан қатар қайтыс болған, біріншісі 1470 жылы, 1481жылы.

«Таварих и гузида йи нусрат намеде» берілген дерек бойынша Керей мен Жәнібек немере ағайын болған.

Керей ханның шежіресі: Ұрыс хан –ТоқТақия- Полад- Керей.

Жәнібек ханның шежіресі: Ұрыс хан -Құйыршақ- Барақ хан- Жәнібек.

Керей мен Жәнібекке оңтүстік өңірінің рулары мен тайпалары келіп қосылды, әсіресе Барақ ханды қолдаған ру тайпалардың көбісі келіп қосылған.

Әбілқайыр билігін нығайту жолында 20 жыл бойы соғыс жүргізіп жүргенде, Қазақстанның оңтүстігінде наразы көптеген рулар мен тайпалар ағыла келіп қосылып жатты. Қаратау баурайлары мен Сырдариядағы қала орталықтары мен бекіністер Созақ, Сығанақ бәлкім Сауранда Жәнібек пен Керейдің қолында болған.

Алайда, Қазақстанның Оңтүстігінде өмір сүру өте қолайсыз болды, себебі, Темір ұрпақтары мен моғолдар үнемі шабуылдар ұйымдастырып отырған. Керей мен Жәнібектің көшпелі тайпалары да үнемі қысым көріп отырды, себебікөктем жаз кезінде жайылым жерлерді Әбілхайырға көшпелі тайпалары алып жатты.

Ол кезде халық өзінің ауыр жағдайы үшін ортағасырлардағы көшпелі қоғамға тән қарсылық түрі – көшіп кетумен жауап қайыру.

50 ж. аяғында осындай көшіп кетуді Керей мен Жәнібек басқарды. Олар 1458-1459 жылдары Әбілхайыр ханнан Моғолстанға Батыс Жетісу жеріне көшіп кетті. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дуғлатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінде айтылады. Вильяминов Зернов та осы дерекке сүйене отырып бұл оқиғаны ХҮ ғ. 60 жылдары деп есептеген. Есенбұға бұларды шын ықыласымен қарсы алып Моғолстанның батыс шебін құрайтын Шу және Қозыбасы округін берді.

1462 жылы Есенбұға қайтыс болғаннан кейін Жетісуда қазақ билеушілеріне қарсы тұра алатын нақты күш болмады. 1468 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығына қарайтын жерлер кең тарайды.

Қорыта келе, деректемелер мен мағлұматтарды, фактілер мен пікірлерді салыстыруда Қазақ хандығы ХҮ ғ. 60 жылдары ортасында Батыс Жетісуда құрылған. Билікті нығайту жолында Орта жүз қазақ тайпалары мен руларының ондаған жылдар бойы көшіп келген. Моғолстанның құлдырауынан кейін Ұлы жүз Қазақ хандығына келіп қосылады.

ХҮ ғ 70 жылдары Қазақ хандарымен Шайбанилықтардың арасында Сауран, Созақ түбінде, Қаратаудың Соғынлық асуында ірі шайқастар болды. Қазақтар мен өзбектер кезек-кезек алып отырды. Нәтижесінде 1495 жылы Сыр бойындағы қалаларды өзбектер иеленді.

Алтын Орда құлағаннан кейін Қазақстан территориясында Әбілхайыр хан басқарған өзбек және ноғай хандықтары құрылды. Өзбек хандығында хандық билікке Орда Ежен мен Шейбени ұрпақтарының арасында талас-тартыс басталды. Нәтижеде 1428 жылы Шейбаниттер ұрпағы Әбілхайыр хан болды. Оның хандық құрған 1428-1468 жылдар аралығында “Көшпелі өзбек мемлекеті” пайда болып, ол мемлекеттің территориясы айтарлықтай ұлғайды. XV ғасырдың орта шенінде Сырдариядан Сібір хандығына дейінгі ұлан-байтақ территорияны алып жатты. Алайда бұл мемлекет ішінде үкімет билігі үшін үнемі айтыс-тартыс күшейіп отырды. Керей мен Жәнібек сұлтан және басқалары сияқты бір топ сұлтан біраз халықты ертіп Әбілхайыр ханнан Моғолстанға көшті. Моғолстан ханы Исабұға қашқындарды жақсы қарсы алып, олардың мекендеуіне Моғолстанның Батыстағы шеткі аймағы болып есептелінетін Шу мен Қозыбасы иелігін берді. Өзбек ұлысында ырың-жырың туып Әбілхайырханның қол астындағы халықтың көпшілігі Керей мен Жәнібек хандардың қарамағына көшіп кетті. Сөйтіп, оларға қосылғандардың саны 200 мың адамға жетті. Қазақ сұлтандарының Жеке билік құра бастауы (1465-1466 ж.ж.) Әбілхайыр ханнан қашқан Керей мен Жәнібектен басталатынын жоғарыда айтып өттік. Бұл жөнінде атақты тарихшы Мұхаммед Қайдар “Ол қазақ хандығы құрылды” – деп

жазды. Жәнібек пен Керей құрған қазақ хандығы көп ұзамай-ақ халқының саны едәуірге жеткен дербес мемлекетке айналды. Ал оның территориясы Жәнібек хан тұсында Шу мен Сырдария өзенінің шеңберіндегі жерлермен шектелсе, кейінірек өзбек хандығына тәуелсіз басқа сұлтан иеліктері де пайда бола бастады. Сонымен Жетісудың Батыс бөлігінде орнығып нығайған қазақ хандығы Моғолстан билеушілерімен бірігіп Дешті Қыпшақтарға үкімет билігін өз қолдарына алуға барынша күш салды.

Бұрындық ханның қазақ тарихында аты жарқырап көрінген тұсы-XV ғасырдың 70-90 жылдары болды. Бұл жылдар Қазақ хандығы үшін күшею, нығаю жылдары және қазақ халқының этникалық территориясын біріктіру жолындағы күрес кезеңі еді. Кезеңнің ең басты оқиғаларына көрсетілген жылдар ішіндегі Қазақ хандығының Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлер үшін алғашында Мауреннахрдағы темірлік билеушілермен, кейіннен шайбанилық сұлтандармен және Моғолстан хандарымен жүргізген күрестері жатты. Осы күрестер барысында тарих сахнасына қазақ хандарының екінші буыны өкілдері: Бұрындық, Қасым хандар шығып, қазақ мемлекеттілігінің одан әрі күшейіп, нығаюына өз үлестерін қосады. Сыр өңірі үшін болған күрес жылдары Қазақ хандығын Бұрындық хан билеп тұрады. Жәнібек ханның қашан қайтыс болып, Бұрындықтың қай жылдардан бастап билік құра бастағаны бізге белгісіз. Ол туралы ешбір дерек жазбайды. Тұрсын Сұлтановтың пікірі бойынша, Бұрындық хан 1473-74 жылдардан билік құра бастаған. Біз де осы пікірді жөн деп санаймыз, өйткені дәл осы жылдардан бастап Сыр бойы үшін күресте қазақ ханы ретінде Бұрындықтың есімі айтылып, Жәнібек хан ұлдарының бәрі «сұлтан» лауазымымен жазылады.

1510 жылдың қысында Мұхаммед Шайбани хан тағы да қазақтарға жорық жасайды. Бұл оның қазақтарға қарсы жасаған соңғы жорығы болды. Жорық бағыты Қасым сұлтан ұлысына қарсы бағытталады. Қасым ресми хан болмаса да, осы жылдары оның беделі Бұрындық ханнан күшті еді. Ол жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» еңбегінде былай деп жазады: «...Бұл кезде Бұрындық ресми хан болып саналғанымен, хандықты басқару ісі және толық билік Қасым ханның қолында болды».

Осы жорығында Шайбани хан Қасым ханнан тас-талқан боп жеңіледі. Қасым ханның жеңісі Дешті Қыпшаққа түгел тарап, оның атағын өсіреді. Қасым ханның осы жеңісінен кейін Бұрындықтың тағдыры өте қайғылы жағдайда өтеді. Ол жөнінде тағы да Мұхаммед Хайдар Дулати: «...Қасым ханның атақ-абыройының өскендігі соншалық, ол Бұрындық ханды қуып жіберді», — деп баяндайды. Бұл шамамен алғанда, 1510 жылдың соңында немесе 1511 жылдың басында болады. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуы кезіндегі оқиғаларға белсене араласып, одан кейінгі кезеңдерде хандықтың күшеюіне өз үлесін қосқан Бұрындық хан XVI ғасырдың алғашқы жылдарында үлкен, мемлекеттік дәрежеде көрегендік көрсете алмайды. Елдік мүддеден жеке, тар мүддеге көшу оның беделін түсіріп, атақ- абыройын жойды. Бұрындық ханның тағдыры әркімге де тарихи сабақ бола алады. Енді бірер сөз Бұрындық ханның өмірінің соңғы кезеңі туралы. Тарихи дерек мәліметтерінде баяндалғанындай, Бұрындық хан Дешті Қыпшақтан кетіп, Самарқанға келеді. Қай жылдары екені белгісіз, сонда жүріп ол қайтыс болады. Ол Үргеніш қаласы маңындағы Бақырған ата қабірінің жанына жерленеді.

Кейбір тарихшылар ешбір дерек мәліметіне негіздемей, Бұрындықтың соңғы өмірі жөнінде қисынсыз пікірлер айтады. Мысалы, А. П. Чулошников Қасым хан мен Бұрындық хан арасында ұрыс болды да, жеңілген Бұрындық өз Отанын тастап, Мауреннахрға кетті деген ойлар айтады. Сол сияқты, Бұрындық хан Самарқан жақта жоқшылықтан, кедейшіліктен қайтыс болды деп жазады. Мұндай пікірден кейін Бұрындық ханның өміріне қатысты мәліметтер беретін деректермен танысқанымызда, А. П. Чулошниковтың пікірлері дәлелденбеді.

XVI ғасыр басында жазылған «Хандар шежіресінде» Бұрындық ханның ұлдары жөнінде айтылады, бірақ олардың ешқайсысы Қазақстан аумағындағы саяси билікке

келмейді. Соған қарағанда Бұрындық хан Қасым ханнан ығысып Хорезмге қарай жылжығанда, өзінің жақтастарымен, әсіресе, ұлдарымен бірге кеткен. Осылайша, Бұрындық ханға қатысты жоғарыда айтқан ойларымызды түйіндей келе, оның өмірі 40 жылдай Қазақ хандығының тарихымен тікелей байланысты болғандықтан, хандықтың құрылуы мен күшеюінде өзіндік рөлі, алатын орны, қосқан үлесі бар

3. Қазақ хандығының XVI ғ. әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы.

Қасым хан 1511-1523 ж.ж. хандық құрды. Оның ордасы Ақ ордада болды. Қасым хандығының құрамында Шығыс ноғай көшпелілері және Моғолстанның Батыс бөлігіндегі көшпелілер кірді. Сондай-ақ Қасымханның билігі дулат, үйсін, қаңлы, т.б. тайпаларға да жүрді.

Қасымхан қазақ хандығының тәуелсіздігін және оның бір тұтастығын сақтап қалу үшін күресті. Бұл мақсатқа жету Қасымхан үшін өте қиындыққа түсті. Шайбанидтермен күресуге тура келді. Шайбанидтер Орта Азияның отырықшы халықтары мен қатар, Сырдария бойындағы көшпелді тайпаларға да өз үстемдігін жүргізуді көздеді. XVI ғасырдың бас кезінде Қасымханмен Шайбанидтер арасында қақтығыстар болып, 1509 ж. ол үлкен соғыстарға айналды. Сыр бойындағы соғыстар алма-кезек жеңістерге жетіп отырды. 1513 жылы өзбек хандары Қасымханға қарсы шабуыл жасап, өлы-тау өңірдегі қыстақтарды талқандап, басып алды. Қарсы шабуылға шыққан Қасымхан Шайбанидтердің әскерін ойсырата жеңеді. 1513 жылдың соңында Ирандықтармен болған соғыста Шайбани хан өледі. Ирандықтар және Темір әскерлерімен екі жақты соғыс оларды қатты әбіржітіп титықтатады. Осындай жағдайды пайдаланып Қасымхан Сайрам қаласын басып алады. Ташкент қаласын өзіне қаратып үлгермеді. Соғыстардың болып жатқанына қарамастан отырықшылар мен көшпенділер арасындағы сауда-саттық ешбір бәсеңдеместен дами берді. Осы кезде көшпенділер мен отырықшылардың сауда орталығы Сайрам қаласы болды. Сондай-ақ сауда-саттық Орта Азия мен қазақ хандықтары арасында жақсы қарқынмен дамып осы өңірдегі Сауран қаласы екінші бір үлкен сауда орталығына айналды.

Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның ұлы Қасым 1445 ж туған. 1513 жылы Шу өзенінің жағасында Шағатай ұрпағы Сайд ханмен кездескенде, олардың замандасы Мұхаммед Хайдар Дуғлати оның жасы 70 ке жақындап қалғаны туралы айтыды.

Қасым хан әкесінің үлгісі бойынша Бұрындық ханның айтқанынан шықпай, бас иіп жүрді деп жазады М.Х.Дулати. Көптеген деректерде Қасымның батырлығына тоқтайды, ал Бұрындықты жәй қолбасшы ретінде айтып өтеді.

XVI ғ басында Қасым сұлтанның жеке билігі қатты күшейді. Қасым сұлтанның күшеюіне ықпал жасаған ағасы Әдікті айтады. Қасым сұлтан хандықтағы билік іс жүзінде өз қолында екенін білгенімен, көреген саясатшы ретінде ол өте сақ болады. Ол Бұрындық ханның билігін мойындағысы келмейді, одан аулақ жүруге тырысады.

Қорыта келе, екі адамның бақталастығы құдыретті және жігерлі Қасым сұлтанның жеңісімен аяқталады. 1511 жылы Бұрындық бір топ адамымен Мауренахрға кетіп қалады. Хандықта жоғарғы билік Жәнібек ұрпағына көшті.

Бұрындық ханның 4 ұлы, және бірнеше қызы болған. Қыздарының үшеуі Шайбани ұрпақтарына ұзатылған, ал бір қызы Михр Сұлтан Самарқанда ірі меншік иесі делінеді. Бұрындық сол қызының қолына кеткен деген дерек бар. Ал Бұрындықтың кейінгі өмірі белгісіз.

Түркістан мен Мауренахрдағы оқиғаларға оралатын болса, Шайбанилықтар аяусыз жеңіліс табуы қазақтар көшіп жүретін жерлерге жауынгерлік қосындар ұстауға мәжбүр болды.

Шайбани хан иран шахы Исмайлдың жорыққа шыққанын есітіп, күш қосу үшін Түркістанға, Ташкентке, Әндіжанға жаушылар жібереді, соғысу үшін Мервке келулерін бұйырады. Барлығы барып тек Көшіп бармайды. Қасымханның шабуылынан қорқып,

Түркістанда қалып қояды. Иран шахы Исмаил Мұхаммед Шайбаниді әскерлік айлакерлікпен қолға түсіріп 1510 жылы өлтіреді.

Осыдан кейін Бұхара, Самарқанд, Түркістанның бірқатар қалаларында биліктің бірсыпыра уақыт Темір ұрпақтары Бабырдың қолына көшкені бізге мәлім.

Бұл жағдайды Қасым хан өзінің пайдасына шешті. Ол Оңтүстік Қазақстанда билігін нығайту үшін күресті. 1512 жылы Убайдолладан Бабыр жеңіліп, Кабулға қашады. Қашып кеткен Бабырдың Сайрамдағы әкімі Қаттабек шайбанилықтардан қысым көріп, Қасым ханды қалаға кіруге шақырады. Қаттабек Қасым ханды Ташкентке қарсы аттануға көндіреді. Бұл ұсыныс қабыл алынады. Онда шайбани ұрпағы Сүйініш Қожа басқарып отырды. Олар Ташкент маңын тонап, қолға түскеннің барлығын алып қайтады. Бекініске кіре алмайды деп жазады МХДуғлати. Бірақ бұл шабуылдың басқа да нұсқасы бар, онда 1513 жылы Моғолстан ханы Сайд Сұлтанмен одақтас болып, Ташкентке бірігіп жорық жасауға келіседі делінген.

1514 жылы Сұлтан Сайд Түркістанға кеткеннен соң, қазақ хандығының Жетісудағы билігі нығайды. Ноғай ордасындағы саяси дағдарысқа байланысты көптеген ру тайпалар Қасым хандығына көшіп келді.

Моңғол шапқыншылығынан кейін тұңғыш рет барлық қазақ рулары мен тайпалары бір мемлекетке бірікті.

1505-1533 жылы алғаш рет орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым қатнас орнатылды.

Қасым ханның әдет ғұрыпқа байланысты «Қасым ханның қасқа жолын» деген заңдар жинағын шығарды. Заң 3 бөлімнен тұрды.

Қасым ханның билігі кезінде уақытша болса да тыныштық орнады. Сауда байланысы дамыды. Сауран қаласы сауда орталығы болды. Қасым хан Моғолстан мен достық қатынасты жолға қоюға ұмтылды. Моғолстан ханы да қазақтарды қолдап, жақсы қатынаста болуды қостады. Қасымның осы кезеңдегі Ноғай ұлысы жөнінде ұстанған саясаты маңызды рөл атқарды. Ноғай мырзалары өзара кескілескен ұрысқа кіріскен болатын. Феодалдық қырқысу соғысынан шошынған ноғай қауымы, көшіп, қазақ хандығының қол астына кірді. Қасымхан оларды қамқорлыққа алды. Ноғай ұлысының Москвамен жақындасуына қарсы болған мырзалармен де сыйластықта болды. Осылай ете отырып, ол Москва мен қазақ хандығы арасындағы қатынастың жақсаруына ұмтылды. Қасымхан қазақ байларына хан билігін мойындата отырып, ел бірлігін сақтады. Қасымхан тұсында қазақтардың саны 1 млн-ға жеткен және қазақ хандығының территориясы ұлғайып қалалар саны өсе түскен.

Қасым ханның билік еткен соңғы жылдары қазақ билеушілері мен шайбанилердің өз ара қатнастарына келетін болсақ, олар шиеленіскен және бейбіт емес қалпында қала берді.

Қасым ханның өлетін жылы туралы да бірнеше деректер бар. Әл Гафаридің, Хасан бек Рашидидің деректері бойынша Қасымхан 1523-1524 жылдары қайтыс болған делінеді. Ал М.Х.Дулати 1518 жылды көрсеткен. Бір деректерде 1521 жылы Сарайшық қаласында дүние салған делінген. Қасым ханның қабірі сонда делінеді.

Қасым ханның Мамаш және Хақназар деген екі ұлы болғанын білеміз, екеуі де хан болған, бір қызы атақты ноғай мырзасы Шах Мамайға күйге берілген. Оның екінші қызы Шайбанилық Убайдолла сұлтанға ұзатылған.

Қасым хан жүйрік атты жақсы көрген, оларды жақсы айыра білген, әскери талантымен, жеке басының ержүректігімен, өз соңынан ерте білу қабілетімен көзге түскен. Оның кезінде халықтың саны миллионнан асқан делінеді.

Қасым хан тұсында хандықтың едәуір нығайғанына қарамастан ол орталықтандырылмады. Бұл ол қайтыс болғаннан кейін қатты байқалды.

Қасым хан қайтыс болған соң Жошы ұрпағының өзара тартысы Қазақ хандығын әлсіретті. Қасымнан кейін оның ұлы Мамаш отырды, ол белгісіз бір соғыстың нәтижесінде қайтыс болады, Қасымның немере інісі

Тахир (1523-1533жж.) отырады. Тахир асқан қатыгездігімен ерекшеленді. Және жөн жосықсыз соғыстар оның түбіне жетті. Ханды халқы тастап кетеді. Ол өзінің жақтастарымен қырғыздарға кетеді, сонда қайтыс болады.

Бұйдаш хан (1533-1534 жж.) Тахирдің інісі. Өзбек ханы Убайдолла Моғолстан ханымен одақтасып Қазақ хандығына шабуыл жасайды. Қазақ әскері жеңіліп, Бұйдаш хан қашып құтылады.

Қасымхан өлгеннен кейін сұлтандар арасында хандық билікке тақ таласы күшейді. Көрші мемлекеттердің қазақ хандығына шабуылы жиілеп кетті. Соғыстың толассыз жүріп жатуы елді күйзеліске ұшыратты. Қазақтардың бұдан әрі шыдамы, төзімі жетпеді. Сөйтіп, олар өздерінің тәуелсіздігінің қауіпсіздігі үшін күреске шықты. Бұл күресті Қасымханның баласы **Хақназар** (Ақназар) басқарды (1538-1580 ж.ж.). 1560 жылы Моғолстанның ханы қазақтарды өз жерінен қумақшы болды. Хақназар қарсы тұрып, моғол әскерлерінің тас-талқанын шығарды. Қазақ хандығының күш-қуатынан Сібір ханы Көшім де, сырттан көшірілген ноғай мырзалары да қауіптеніп, қорқып отырды. Қазақ хандығының айбарлы даңқы Москва патшалығына келіп жетті.

1573 жылы орыс патшасы өз елшісін Хақназар ханға жіберді. Елшіні Көшімнің адамдары қолға түсірді. 1574 жылы Иван Строгонов өзінің көпестеріне қазақтармен ақысыз сауда жасау грамота сыйлады. Бұл орнатылған сауда байланысы біртіндеп Москва мен Қазақстан арасында саяси қатынасқа айналды. Хақназар 1570 жылдың аяғында “Патшамен және ұлы князьбен арамызға бейбітшілік орнағанын қалаймын”-деді.

Бұқараның билеушісі Абдулла қазақ хандығының күш-қуаты артып отырғанын байқады да, оның өзінің үкімет билігін нығайту үшін пайдаланғысы келді. Сөйтіп, Хақназармен достық қатынас орнатты. 1579 жылы ірі феодал Баба Сұлтан Абдуллаға қарсы бүлік шығарып, Ташкентті басып алды. Абдулла Хақназардан көмек сұрады. Хақназар Баба сұлтанға қарсы аттанып, оны талқандап жеңеді. Жеңіліс тауып, эзер қашып құтылған Баба сұлтан енді қулық жасау арқылы Абдулла мен Хақназардың арасына от тастап, олардың достық одағын бұзды. Осыдан кейін 1580 жылы Баба сұлтан Абдуллаға қарсы соғыс ашты. Сонымен қатар Хақназарға да астыртын күшті сенімді отрядын жібереді. Сөйтіп, Баба сұлтан Хақназарға келісім жасаймыз деп алдап, Хақназар ордасына кіреді де күтпеген жерден олардың адамдарын қырып салады. Баба сұлтан астыртын адам жібертіп, Хақназардың екі баласын және өзін 1580 жылы өлтіреді.

Хақназар өлгеннен соң оның орнына жасы сексенге келіп отырған Сығай хан болып, таққа отырды. Бірақ ол елді басқара алмай, Абдуллаға барып қазақ хандығын қамқорлыққа алуын өтінеді. Сөйтіп ол баласы **Тәуекелді** Абдулланың қарамағына қалдырады.

Тәуекел хан (1582-98жж.) Шығайдың баласы. Ол Бұхара ханы Абдолламен бірлесе отырып, Баба сұлтанның көзін жоюға кіріседі. 1582 жылы қазақ хан сұлтандары Абдолламен бірлесіп соғысып Баба сұлтанды жеңеді. Сығай хан сол соғыста қайтыс болады. 1582 жылғы Түркістан түбіндегі шайқаста Тәуекел басқарған қазақ қолы Баба сұлтанның әскерін талқандап, Баба сұлтанның басын алады. Баба сұлтанның басын және тұтқындаған әскер басшыларын Бұхар ханы Абдоллаға әкеліп тапсырады. Қас жауын жойғаны үшін Абдолла Самарқанд өлкесіндегі Африкентті Тәуекелге сыйға береді.

Шығай ханның ұлы Тәуекел хан өз билігін өзбек билеушілерімен ұзақ күреске нығайтты. 1586 жылы ол Ташкент аймағының билеушісі Баба сұлтан бастаған қарсыластарын талқандады. Басын II Абдаллахқа апарып береді. Сұлтанның балаларын, әмірлерін тұтқындайды. Бұл кезеңде Қазақ хандығының халықаралық жағдайы қиын еді. Өз билігінің басты мақсаты ретінде Тәуекел хан оңтүстіктегі қалаларды хандық құрамына қосуды, сол арқылы мемлекетті күшейтуді көздеді.

1583 жылы Тәуекел хан Өзбек ханымен жасасқан келісімді бұзады. Бұның себебі кезінде Абдаллах Түркістан аймағынан 4 қала беруге үде береді, бірақ бақталасының көзі жойылғаннан кейін (Баба сұлтан) ол өз сөзінде тұрмайды.

1586 жылы Тәуекел Түркістанды басып алады. 1586-1594 жылдары Тәуекел Хақназардың ұлдарымен күреседі. Ақырында хандық құруға өз құқығын бекітті.

Тәуекел хан алдында тұрған саяси мәселелердің ең ауыры Ташкент пен оның айналасын толық бағындыру және Бұқар хандығының билеушісі II Абдалахпен күрес, Сібір ханы Көшіммен соғыс еді. Бұл мақсатпен Тәуекел хан өзіне одақтастар іздей бастайды. Сібірдегі Тайбұға әулетін қолдап, Сейтектің жанына інісі Оразмұхаммедті қосады. Ал олар болса орыс әскерінің қолына тұтқынға түсіп қалды. Осыны себеп қылған Тәуекел 1594 жылы алғаш рет Мәскеуге қазақ елшісін жібереді. Құлмұхамед елшінің өзінің де жұмысы болады ол інісі Оразмұхаммедті орыс тұтқынан босату еді.

Құлмұхамед елшінің ең маңызды тапсырмасы орыс патшасы Борис Годуновпен кездесіп, Бұхараға қарсы одақтасуды ұсыну еді. Бұл елшілік жұмысына Мәскеу мемлекеті құрамындағы Қасым хандығының билеушісі, Тәуекел ханның туысы Оразмұхаммед сұлтан да қатысты.

1595 жыл Мәскеуден енді Тәуекелге елші келеді. Тілімәш Вильямин Степанов. Оның мақсаты екі елді кереуен саудасын кеңейтіп, дипломатиялық қарым-қатынас орнату. Оразмұхаммедтің орнына аманатқа Хусейінді алу.

Бұхар хандығы сол кездегі Орталық Азиядағы қуатты мемлекеттердің бірі саналатын. Қазіргі шекаралық бөлініс жүйесімен айтсақ, Иранның солтүстік шығыс бөлігін, Ауғаныстанды түгелге жуық, Пәкістанның біраз жерін, Түрікменстан, Тәжікстан аумағын қамтып отырған. Оның үстіне қазақ халқына тиеселі Түркістан, Сауран, Отырар, Сайран, Ташкент сияқты қалалар орналасқан аймақты да өзіне қосып алған болатын.

Бұл осыдан екі ғасыр бұрынғы Әмір Темір империясына пара пар мемлекет деуге болатындай еді. Сол заманның тарихшылары Абдаллах ханды шебер саясатшы, құдіретті әмірші, жеңімпаз қолбасшы деп мадақтап, оның сарайындағы сән-салтанатты тамсанып жаза келе, егер қажет болса Абдаллах хан бір аптада 500 мың әскер шығара алатынын көрсетеді.

Осындай қауіпті қарсыласпен ауыр соғысқа бару ол кезде Қазақ хандығы үшін өмірлік қажеттілік еді. Ежелгі Сыр өңірі қазақтың атамекені ғана емес, сауданың, қолөнердің, мәдениеттің орталығы болды. Сонымен қатар көшпелі қазақтар үшін Сырдың суы, ну тоғайлары, құм арасында қысқа мал бағатын қолайлы жер әрі қыстаулары еді. Тәуекел хан қатерлі соғысты бастамастан бұрын оған мұқият даярланды. Ойраттарға қарсы табысты жорық жасап, олармен 20 жылдай тыныштық сақтай алды. Тіпті ойраттардың бір бөлігі Тәуекел ханның билігін де мойындады. Тәуекелді қазақ қалмақтың ханы деп атаған.

1598 жылы Бұхар хандығының ішіндегі қайшылықтарды пайдаланып, Тәуекел хан Орта Азияға жорық жасайды. Соның нәтижесінде өзбек әскерін талқандап Самарқанды алады.

Тәуекел жеңісті жорығын жалғастырып, Түркістан, Сауран, Арқұқ, Отырар, Сайрам, Ақсы, Әндіжан қалаларын қолға қаратады. Інісі Есімді 20 мың әскерімен Самарқанды қалдырып, өзі Бұхара қаласын алуға аттанады. Қазақ әскері қаланы 20 күн қоршап шабуылдағанмен, мықты бекіністі ала алмайды және қала үшін болған бір ұрыста Тәуекел ауыр жараланады. Сол жарадан жазылмай, Ташкентке келген жерінде қайтыс болады.

Осы оқиғаның бәрі 4-5 айдың ішінде өтеді. Бұл қазақ тарихындағы ең ұлы жорық және сол кездегі бүкіл Орталық Азиядағы аса ірі оқиғалардың бірі еді.

Тәуекелдің 1597-1598 жылдары жүргізген соғыстары нәтижесінде Ташкент, Ферғана және бүкіл Түркістан, яғни сол кезге дейін Шайбани ұрпақтары иеленіп келген Сырдарияның орта ағысының екі жағындағы отырықшы-егіншілік аудандар қазақ хандығының құрамына кіреді. Қазақ ордасы кейін Ферғананы қайтарып бергенімен, Ташкент 200 жыл бойы қазақтардың иелігінде қалды.

Сыр бойындағы Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран, тағы басқа қалалар бұрынғысынша қазақ хандығына беріледі. 1583 жылы қазақ ханы Тәуекел Абдолламен жасасқан келісім-шартты бұзып, Ташкентке шабуыл жасайды. Сонымен қазақ феодалдары мен өзбек феодалдары арасындағы жағдай қайта қоздап, ушығып кетті. Тәуекел хан Ресей

мен өзінің дипломатиялық қарым-қатынасын күшейте түсті. Ондағы Ресейдің мақсаты қазақ хандығымен одақтасып, Сібір ханы Көшімге қарсы күресу еді. Тәуекел хан 1595 жылы көкек-маусым айларында В.Степанов бастаған орыс елшілігін қабылдады. Сөйтіп, осы кездесуде орыс мемлекетімен қазақ хандығы арасында Сібір ханы Көшімге және Бұхар ханы Абдоллаға қарсы одақ қалыптасты. 1598 жылы Тәуекел хан Ташкент қаласы түбінде Абдолла ханның әскерін талқандады. Тәуекел Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқанд қалаларын басып алды.

Сонымен қатар Тәуекелдің осы жеңісінің нәтижесінде Орталық Азияда шайбанилер әулетінің билігінің де аяқталды. Билік басына 1598 жылы Шайбани әулетінің орнына (1598-1743) басқа әулет («Аштархан») келді.

Аталған аймақтардың қосып алынуы қазақ хандығының экономикасына, қоғамдық және саяси құрылысына аса күшті ықпал жасады. Мемлекеттік шекараның тұрақтануына жәрдемдесті. Қазақ хандығына Орта Азиялық саяси және экономикалық өзара қатынастар жүйесіне енуге және қазақтардың Сырдария өзені аңғарында мекендеуіне жағдай туады.

Тәуекел одан кейін Бұхараны басып алу соғысы кезінде жараланып Ташкентке келіп қайтыс болады.

4. Қазақ хандығы XVII ғ. және XVIII ғ. басында.

Есім хан (1598-1628жж.) Шығайдың баласы. Ол 1598-1628 жылдары қазақ хандығына билік еткен. Зор денелі, күшті адам болғандықтан, талай жорықта ерлігімен көзге түскендіктен қазақ тарихында отыз жыл билік құрған Есім ханды ел «еңсегей бойлы ер Есім» деп атаған.

Жалпы көшпелілер мемлекетінің хандары сияқты Есім хан да тақ үстінде де, ат үстінде де бірдей танылған біртуар тұлға. XVII ғасырда Есімге арналған «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жыр шыққан. Жырдың осы заманғы жеткен нұсқасы Ұлттық Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.

Есім хан кезінде ел билігін нығайту үшін қырғыздармен одақтасып, соның белгісі ретінде қырғыз билеушісі Көкімге арнап Ташкент қаласында күмбез салғызады. «Көкімнің көк күмбезі» аталатын ғимарат көршілес өзбек мемлекетінде бүгінгі күнге дейін сақталған. Есім хан билігі тұсында қазақ сұлтандары оңтүстік қалалар үшін Аштархан әулетімен соғысты. XVII ғасырдың 20 жылдарында қатаған ұлысын басқарған Тұрсын хан билігі тұсында Ташкент Қазақ хандығының құрамындағы ірі қалалардың біріне айналды. Тұрсын хан мен Есім ханның арасындағы қайшылықтар жайлы көптеген деректер бар. Түркістанда Есімханның жоқтығын пайдаланып ол қаланы басып алады. 1627 жылы ол ойрат жорығынан оралған Есім хан Тұрсынды талқандайды, антты бұзғаны үшін оны өлтіреді.

Есім ханға қатысты тарихи деректерде Бұхар хандығының әмірі Иманқұли хан жиі аталады. Ол бірде Иманқұлимен одақ жасасады да, бірде оған қарсы шығып, Самарқанға әскер жөнелтеді.

Ал Иманқұлидың Есіммен соғысар шамасы жоқ еді. Сонымен онымен шартқа отырып, Ташкент пен оның төңірегін түгелдей қазақтардың иелігі екенін ресми түрде мойындайды.

Есім Моғолстанмен қатынасын да сәтті реттейді. Ол Моғолстан ханы Әбдірахымның қызына үйленіп, ағасы Күшік сұлтанның қызын Әбдірахымға ұзатады. Құда болу арқылы оны өзінің жақтасы етіп, қазақтар мен моғолдар арасындағы саяси одаққа, дара билікке қол жеткізеді.

Есім хан билік құрған тұсында халық жадында «Есім ханның ескі жолы» деген атпен қалған әдет-ғұрып нормаларын қалыптастырған заңның болғаны белгілі. Мұны «Есімнің заңы» деп ұққан жөн. Бірақ оның көктен алынбағаны белгілі, ол өз заманының орайы мен талабына қарай Есім хан мен оның кеңесшілері өңдеп, толықтырған «Қасым салған қасқа жолдың» бір нұсқасы болды. Түптеп келгенде «Есім ханның ескі жолы» деген сөздің мәні де Есім ханның тұсында жасалған даналық заңдарға байланысты айтылады. Қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты туындайтын

даулардың шешімдері «Есім ханның ескі жолында» нақты сараланды. Мұның өзі кейін Тәукенің әйгілі «Жеті жарғысына» негіз болып, қазақ халқының мәдени-рухани және салт-дәстүр жоралғыларының төлтумалығын шындай түсуге ықпал етті.

Сонымен, қалмақтардың күшеюімен қазақтардың этникалық дамуына қауіп төнеді. Осыған қарамастан Есім хан тұсында Қазақ хандығын мықты мемлекет деп тануға болады. Кейбір деректерде Тәуекел мен Есім хандарды қазақ-қалмақ билеушілері деп те атайды. Шығыс деректерінде Есім тұсында қазақтар Шығыс Түркістан үшін саяси күреске араласқан, ал орыс деректерінде Оңтүстік Сібір үшін қазақтар мен қалмақтардың ірі қақтығыстары белгілі. Көшпелі халықтардың күресіне Ресей мен Қытай империялары араласа бастады.

XVIII ғ. Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы тұрақсыз болды. Әр жүз өздеріне хан сайлады.

Оңтүстік өңірінде Есім хандығы, оның астанасы Түркістан болды. Тұрсын Мұхаммед хандығы, орталығы Ташкент болды.

Тұрсын Мұхаммед (1613-1627 жж.) өз атынан ақша шығарып, салық жинап отырды.

1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін оны осы Түркістанда жерлейді. Сол үшін де Түркістан қаласындағы орталық алаң Есімханның атымен аталады. Оның маңызды жетістігі ол Сығанақтан астананы Түркістанға ауыстырды.

Жәңгір хан (1629-1652 жж.) Есімханның баласы. **Тәуке хан (1680-1718\1713жж.)** Халық арасында Тәуке хан Әз Тәуке, яғни дана, әділ деген атпен белгілі. Тәуке хан билігі тұсына жататын деректер өте аз. Тәукенің әкесі салқам Жәңгір туралы алғашқы мәліметтер 1635 жылғы оқиғаға байланысты айтылады. Басқа деректер бойынша Жәңгір 1635 жылы дүрбіт қалмақ билеушісі Талай тайшы мен тоғауыттарға қарсы соғысты. Бұл кезде тоғауыттар өзге қалмақ тайпаларынан батысқа қарай орналасты және олардың кейбір топтары Жайықтың ар жағында болды.

1643 жылы Орбұлақ шайқасы. 50 мың әскермен келген жоңғарларға 600 сарбазымен Жәңгір хан қарсы тұрып жеңіп шығады. **Қосқолаң** тауының арасында бекініп 10 мың әскерін талқандайды. Көмеккен Самарқандтың әмірі, **қолбасшы Жалантөс 20 мың** әскерімен келіп жоңғарлардың ту сыртынан шабуылдайды. Бұл соғыста қазақтар **өздерінің ерліктерін көрсете білді. Қалмақтарды басқарып келген Батур** қонтайшының ірі әскери жорығына тойтарыс берді. Бұл қақтығыс Орбұлақ деген жерде болғандықтан бұл шайқас осылай аталды. 1644 жылы Жәңгір ханның қалмақтарға тағы да қарсы тұруына тура келеді, бірақ бұл жолы халық көп қырғынға ұшырап, Жәңгір ханның ағасы отбасымен және көптеген адамдармен тұтқынға түседі. **1652 жылы Ресейден жоңғарлар әскеру қару** сатып алып қазақтарды ойсырата жеңеді. Ақыр соңында 1652 жылы Жәңгір хан қалмақтармен болған осы шайқаста қаза табады. Бұл уақытта сыртқы саяси жағдай өте ауыр болды. Халық оның ерлігі үшін «**Салқам Жәңгір**» деп атаған.

«Белгісіз жылдар» кезеңі деп атайды ғалымдар**1652-1680 жылдары кім хан болғаны әлі де зерттелмеген мәселе.**

Қазақтардың ең қауіпті жауы XVIII ғасырдың басында мейлінше күшейген **Жоңғар хандығы** болды.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы өте ауыр болды. Қазақ хандарының саяси бытыраңқылықты жойып, бір орталыққа біріккен мемлекет құру әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Қазақ хандығындағы сұлтандардың оқшауланып, дербес саясат жүргізуге ұмтылуы күшті болды. Ал жүздер арасындағы татулық пен саяси байланыс нашар болды.

Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы тіптен ауыр еді. *Батыс жақтан Еділ қалмақтары мен Жайық казактары шапқыншылық жасаса, солтүстіктен Сібір казактары, Жайықтың аржағынан баиқұрттар, оңтүстіктен Бұхар мен Хиуа хандықтары үнемі қысым көрсетіп отырды. Ал басты қауіп шығыстан, яғни Жоңғар хандығынан төніп тұрды.*

Жоңғарлар-тарихи деректерде қалмақ немесе ойрат деген атаумен белгілі болған тайпалар. Жоңғарлар чорос, хошоут, торғаут сияқты батыс монғол тайпаларының ХҮІ-ХҮІ ғасырдың ІІ жартысында құрылған одағы болатын. Ал ХVІІ ғ бастап Жоңғар хандығы ретінде Орталық Азияның тарих сахнасына шыққан еді.

Қазақтар мен жоңғарлар арасындағы байланыстардың тарихы тереңде жатыр. Екі ел де көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан олардың арасында қақтығыстар жиі болып тұрған. Соның ішінде қалмақтардың Қазақ хандығына бағынған кездері де болған. Өйткені Тәуекел хан «қазақ және қалмақ ханы» ретінде мойындалғаны белгілі. Дегенмен Қазақ хандығы мен жоңғарлар арасындағы күштің ара салмағы тең болғандықтан өзара қырқыстардан ары аса қоймаған еді. Алғашқы кезде қақтығыстар бейбіт жолмен шешіліп отырды.

Жоңғар хандығы құрылар қарсаңында 1627 жылы ойрат одағы құлап, Солтүстік Қазақстан арқылы төменгі Еділ бойына қоныс аударған болатын. Сөйтіп, олар қалмақ деген атауға ие болады және ХҮІІ ғ. 30 жылдарында Еділ бойында Қалмақ хандығын құрған еді. Ал *Оңтүстік пен Батыс Сібір жерінде қалып қойған ойраттар мен чоростар* басшылығымен Ертіс жағалауында *Жоңғар хандығын* құрды.

1635 жылы Жоңғар хандығы құрылды. Хандықтың негізін салған Батыр қонтайшы болды (1635-1653 жж.). 1640 жылы Батыр қонтайшының бастамасымен Жоңғар ақсүйектерінің құрылтайы өткізіліп, онда «Дала жинағы» деген атауға ие болған заңдар жинағы қабылданады. Бұл жинақта жоңғар хандығының күші мен ұлылығы паш етілді. Батыр қонтайшы кезінде жоңғарлар мен қазақ хандығы арасында қақтығыстар шиеленісіп, үздіксіз соғыстарға ұласа бастады. Батыр қонтайшы қазақтарға қарсы бірнеше рет басқыншылық жорықтар ұйымдастырды. Бірақ Қазақ хандығын Салқам Жәңгір хан билеген кезде 1643 жылы Орбұлақ шайқасында жоңғарлар ойсырай жеңілгені белгілі. Батыр қонтайшы өлгеннен кейін қазақ жоңғар соғыстарында үзіліс болған еді. Өйткені билікке талас кезінде Жоңғар хандығы саяси бірлігінен айырылып қалған болатын. Алайда билік басына Галдан Бошокты қонтайшының келуіне байланысты (1670-1697жж.) Қазақ жеріне жоңғар шапқыншылығы қайтадан жанданды. Ал Жоңғар хандығыны Цеван Рабдан билеген кезде (1697-1727 жж.) қанды жорықтар өзінің шарықтау шегіне жетті.

Цеван Рабтан өзін шебер дипломат әрі мықты қолбасшы ретінде танытты. Ол Қытаймен тікелей қақтығыстарда құтылып кетіп отырды. Цеван Рабтан Жоңғар хандығының қоластына миллионға жуық жоңғарлар мен жарты миллионға жуық әртүрлі халықтарды біріктіріп, елінің әскери әлеуметін біршама нығайтып алды. Оның Қазақ хандығына шапқыншылығы 1698-1699 жылдары Ертіс, Есіл өзендері мен Жетісу аймағына жүргізілді. Ал 1702-1703 жылдары Ертіс бойындағы қазақтар нәтижелі соғыстар жүргізді. Біраз үзілістен кейін 1708 жылы жоңғарлар шапқыншылығы қайта жалғасты. Олардың Қазақ хандығына жасаған қанды жорығы 1710 жылы болды. Бұл жорық қазақ халқын үлкен шығындарға ұшыратты. Ол қазақ билеушілерін 1710 жылы Қаракұм маңында үш жүздің құрылтайын шақыруға мәжбүр етті. Құрылтайға сұлтандар мен билер, ру басшылары және үш жүздің белгілі батырлары қатысты. Құрылтайда қаралған ең негізгі мәселе жоңғар шапқыншылығына қарсы үш жүздің бірікке әскерін жасақтау болды. Тәуекел хан бір орталыққа біріккен мемлекет құру және оны нығайту үшін сұлтандардың билігін шектеп, жүздерді билеу үшін билердің ықпалын арттырды. Жоңғарларға қарсы соғыста алдыңғы қатарға қазақ батырлары шықты. Олардың қатарында Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Райымбек, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет сынды көптеген батырлар бар еді. Олардың ішінен ерекше көзге түскен Бөгенбай батыр. Ол шешуші шайқас алдында қазақ сарбаздарының жауынгерлік рухын мына сөздерін арнау арқылы көтерген: *«Таланған көштің, тұтқындалған бала-шағаның бейшара бақылаушысы болып отырман. Жаудан кек аламыз, өлсек қару ұстап өлеміз! Қыпшақ даласының сарбаздарының жалтарған кезі боды ма?! Сұр жебе толы қорамсақ қаңырап бос қалып па?!»* деген екен.

Құрылтайға қатысушы барлық батырлар мен халық Бөгенбай батырдың сөзіне тоқтады. Ол қазақтың бірікке әскерінің қолбасшысы болып сайланды. Қазақ жүздерінің бірігуі өз нәтижесін бере бастады. Біріккен халық жасақтары жоңғарларға тойтарыс беріп, оларды шығысқа шегіндіріп тастады. Жау қолында болған жайылым мен қыстақтарды қайтарып алды. Сонда да жүздер арасындағы дау тоқтамады. Бұл жағдай жорықтар алдындағы келіспеушіліктер мен өзара бәсеке туғызып, алауыздыққа ұшыратты.

Қазақтар арасындағы алауыздықтарды жақсы пайдаланып отырған жоңғарлар 1713 жылы Қазақ хандығына тағы да басып кірді. Ондай жорық 1716 жылы да қайталанды. Ал 1717 жылы Аягөз өзені бойында үш күндік шайқас болды. Ол қазақ жасағының жеңілуімен аяқталды. 1718 жылы жоңғарлар Жетісуға баса көктеп кіріп, одан әрі оңтүстіктегі Арыс, Бөген, Шаян өзендері бойында жойқын соғыстар жүргізді. Олардың негізгі мақсаты Қазақ хандығының ордасы –Түркістанды басып алу еді.

1723 жылы қазақ жоңғар қатынасында қазақтар үшін аса қиын кезең басталды. Өйткені Қытай императоры Кансидің қайтыс болуын пайдаланып, жоңғарлар Қытаймен бітім келісімін жасайды. Осылайша жоңғарлар өздеріне Қытай тарапынан жасалып отырған қысым мен қауіпті тоқтатып, *бытыраңқы қазақтарға қарсы барлық күштерін жұмылдыруға* мүмкіндік алды. Бұл қазақ халқының тағдырындағы ең қасіретті кезең «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» (1723-1728 жж.) нәубетіне алып келген еді. Қазақ жұртының басына түскен нәубет жөнінде Шәкәрім Құдайбердіұлы былай дейді: «...1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты.

Көктемде тұтқиылдан басталған жоңғар шапқыншылығынан қазақтар есін жинай алмай, еріксіз Ходжентке, Самарқанға, Хиуа мен Бұқараға қарай үдере көшуге мәжбүр болды. Олар үйлерін, мал мүліктерін тастап қашты. Жоңғарлар Ташкент пен Түркістанды басып алып талқандады. Бұл нәубеттен қазақ халқының үштен екі бөлігі қырылды.

Бірақ 1723 жылы жеңіліс қазақ халқының еңсесін түсіре алмады. Ел билеушілер мен батырлар азаттық күреске жұмыла бастады. Қазақ халқының бірлігін нығайтуға елге беделді үш жүздің билері – Төле би (Төле Әлібекұлы 1663-1756 жж.), Қазыбек би (Қазыбек Келдібекұлы 1667-1764жж.), Әйтеке би (Айтық Байбекұлы 1664-1700 жж.) белсенді қызмет атқарды. Олар бір орталықтан басқарылатын Қазақ хандығын қалыптастыру жолында табанды күрес жүргізген мемлекет қайраткерлері болатын. Олардың ең басты мүддесі қазақ халқы мен жерінің тәуелсіздігін сақтау еді.

Сол тарихи сын сағатта Кіші жүз ханы Әбілқайыр (1693-1748 жж.) ерекше көзге түсті. 1724 жылы Әбілқайырдың қолбасшылығымен қазақтар алғашқы жеңіске жетті. Сондай-ақ, оның 1725 жылы жоңғарларға Отырар, Шымкент, Түркістан, Сайрам қалалары азат етілген болатын.

1726 жылы күзде жоңғарларға қарсы азаттық күресті ұйымдастыру мәселесін талқылауға жалпы қазақ құрылтайы шақырылды. Құрылтай Ордабасы тауында өткізілді. Оған хан, сұлтандар мен билер, үш жүздің батырлары, ру басылары қатысты. Құрылтай жалпы қазақ әскерінің қолбасшысы етіп Әбілқайыр ханды сайлады.

Құрылтайдан кейін күтілген аса маңызды жеңіске қазақ әскері 1728 жылы көктемде жетті. Ұлытаудың етегіндегі Бұланты өзені маңында Қарасиыр деген жерде әскері жоңғарларға ойсырата соққы берді. Бұл шайқас халық жадында «Бұланты шайқасы», ал соғыс даласы «қалмақ қырылған» деген атпен қалған еді. Осынау маңызды жеңіске қол жеткізуге қолбасшы Әбілқайырмен бірге Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай, Бөгенбай, Есет, Малайсары сынды т.б. көптеген халық батырлары зор үлес қосты.

Қазақ халқы жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күрестегі екінші тарихи жеңіске 1730 жылдың көктемінде жетті. Бұл оқиға Балқаш көлінен 120 мың шақырым оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан Алакөл маңында өткен Аңырақай шайқасында болған еді. Шайқаста Әбілқайыр хан қолбасшылық етті. Ұрыс батырлар жекпе-жегімен басталды. Шәкәрім Құдайбердіұлы оны былайша суреттейді: «... қазақ пен қалмақ екі төбеге

жиылып, ортасында қалмақтың Қалдан-Церен ханның күйеуі Хоңтажы деген әскер басының баласы Шарыш деген батыр қазақтан жекпе жекке батыр сұрап жүр екен. Әбілмасұр Әбілмәмбетке ханға барып: «Тақсыр, бата берсеңіз мынаған мен барайын» дегенде, хан бата берген соң, Шарышқа қарай «Абылай, Абылай» деп ұран салып барып, Шарышты өлтіріп, басын кесіп алып, жау қашты деп айғай салған соң, қалмақтар қашыпты. Бір мезгілде Әбілмасұрды қасына отырғызып, «Шырағым, сен кімсің, Абылайлап шапқаның қалай» десе: «Мен қанішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болған атамның атын ұран қылдым» дейді. Шарышпен болған жекпе-жектегі жеңістің құрметіне халық оны Абылай атап кетті.

Аңырақай шайқасында майдан даласы 200 шақырымға дейін жетіп, қазақтар ұлы жеңіске жетті. Алайда, осы жеңістерді қазақ халқы одан әрі жалғастыра алмады. Оған қазақ қоғамының саяси элитасы арасындағы бақталастық кедергі жасады. Оған Болат хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығында ұлы хан болу үшін саяси күрестің басталуы себеп болды. Ұлы хан болуға бірден бір үміткер қазақтың біріккен әскерінің бас қолбасшысы, Кіші жүз ханы Әбілқайыр болатын. Бұланты мен Аңырақай шайқасындағы тарихи жеңістерден кейін Әбілқайыр ханның беделі мен саяси салмағы да арта бастағанды. Бірақ ұлы хан бола алмайтынын білгеннен кейін ол өз әскерімен Кіші жүздегі ордасына көшіп кетті.

1727 жылғы болған шайқаста қазақтар жоңғарларға ойсырата соққы берді. Бұл жер тарихта “Қалмақ қырған” деп аталды. (Байқоңыр маңы) 1729 жылы Аңырақай деген жерде қазақтар екінші рет қалмақтарға соққы берді. Дегенімен бұл екі жеңісте қазақтарды түпкілікті жеңіске жеткізе алмады. **Қазақ-жоңғар соғысы:** Қазақтардың ең қауіпті жауы XVIII ғасырдың басында мейлінше күшейген жоңғар хандығы болды. XVII ғасырдың 80 жылдары жоңғар қоңтайшысының қазақ жеріне жорықтары жанданды, олар Оңтүстік Қазақстан мен Сырдария сауда қалаларын, сонымен қатар маңызды керуен жолдары өтетін аумақтарды басып алуға ұмтылды. Қалдан қоңтайшы (1671-1699) 1681-1865 жылдары Оңтүстік Қазақстанға бірнеше шабуыл жасады, оның нәтижесінде Сайрам қаласы қиратылды.

Оның мұрагері Сыбан Раптан (1699-1729) басқыншылық соғысты жалғастырды. XVIII ғасырдың басында басқыншылардың әскері сарысу өзеніне дейін жылжыды, олардың әскерінің бір бөлігі Орта жүздің солтүстік шығыс аудандарына басып кірді. 1710 жылы Қарақұм ауданында Тәуке хан жауға қарсы ұйымдастыруды талқылауға барлық жүздердің өкілдерін жинады. Жоңғарларды шығысқа шегіндірген әскер құрылды. Қазақ саяси жүйесі ішкі саяси проблемаларды шешуге тамаша мүмкіндік берді. XVII ғасыр басындағы реформадан кейін қауымаралық пен сословие аралық алауыздық сот ісінің шегінен сирек шықты және ешқашан қарулы күреске жеткен жоқ. Бірақта XVIII ғасырда сыртқы саяси ахуал бірден өзгергенде, реформа нәтижесінде орталықсыздандырылған қазақ хандығы сыртқы жағдайдағы өзгерістерге дайын емес болып шықты.

Бұл 1715 жылы Тәуке хан өлген соң анық байқалды. Жоңғар тарапынан төнген қауіпке байланысты хан ролінің жоғарылауы керектігін сезінген сұлтандар жоғарғы билеуші орны үшін шиеленіскен күресті бастады. Ұзақ тартыстан соң хан болып Қайып сайланды (1715-1718).

Көп ұзамай жоңғарлар шабуылын тағы жаңғыртты. 1716 жылы олардың әскерінің басты бөлігі шабуылын Іле өзенінен Аягөзге қарай бағытпен бастады. Бір уақытта басқа отрядтары Сібірге жылжыды. **1718 жылы көктемде жоңғарлар мен қазақтар қолы арасындағы Аягөз өзенінде үш күндік қантөгіс, шайқастың алғашқы күндеріндегі жеңістерге қарамастан, қазақтардың жеңілісімен аяқталды.** Өзара жауласқан Әбілхайыр мен Қайыптың келіспеушілігі, сонымен қатар жоңғарлардың тылдан оқыс соққысы шайқастың нәтижесін шешіп берді. 1718 жылы жоңғар әскері Арыс өзенінде басқа қазақ отрядтарын талқандады.

1718 жылы Қайып хан өлді де сұлтандардың жоғарғы билік үшін күресі қайта жанданды. Ең қолайлы кандидатура жас жігерлі Әбілхайыр болды, бірақ төре тұқымының

күшеюін қаламаған билер шоғыры ынжық әрі жігерсіз Болатты (1718-1729) таңдады. Алайда соғыс жағдайында қауым демократиясына бас тігу өзін ақтамады да, Болат хандықты басқарудан қалды. Орталық биліктің әлсіздігі жағдайында Кіші жүз бен Орта жүз қауымының бөлігі өздерінің егемендігін шектеп, Әбілхайырды хан сайлады (1718-1748). **Осылай қазақ хандығының ыдырау процесі басталды.** Ташкентте ақ киізге Жолбарыс көтерілді, ал Орта жүздің бөлігі Сәмекені хан ретінде мойындады. Бұл тұлғалар жоңғарларға тойтарысты ұйымдастыра алатын еді, алайда мұны сезіну үшін қазақтарға 1723 жылғы Ақтабан шұбырындыны бастан өткеруіне тура келді.

Жоңғарларға қарсы бір майданның жарылуы қазақ жасақтарының қорғаныс қабілетіне кері әсер етті. Сұлтандар шоғыры арасындағы ұрыс-керіс жоңғар қоңтайшыларының қазақтарға бірқатар ірі соққылар беруіне қолайлы жағдай туғызды.

1723 жылы көктемде жоңғар әскері Қаратау арқылы талас өзенінің алқабына басып кірді. Қазақтар бұл уақытты қыстаудан көшуге дайындалып, шабуылды күтпеген еді. Мұнда барлық қазақ жұрты қырғынға ұшырады да, тірі қалғандары малдары мен мүліктерін тастап қашуға мәжбүр болды.

Аяқ астынан кедейленген және ашыққан көшпенділер тобы Бұхара мен Самарқан оазисін толтырды. 1724-25 жылдары жоңғарлар Түркістан мен Ташкентті басып алып талқандады. Егіншілік, қолөнер мен сауда Сырдарияда тоқтады. **Бұл оқиға қазақтар арасында “Ақтабан шұбырынды” ретінде белгілі.** Нәубет жылдардағы басқыншылармен күресте қазақ болған құрбандарды халық ауыр азамен еске алады.

Қазақ-жоңғар соғысының аяқталуы: Ұлттық тәуелсіздікке төнген қауіп қазақтарды бірігуге мәжбүр етті. 1726 жылы Ұлы жүз бен Кіші жүздің біріккен әскері Тайлақ батыр мен Саурық батырдың бастауымен Бұланты өзені бойында Қарасиыр деген жерде жоңғарларға ауыр соққы берді. Бұл жеңіс қазақтарды одан әрі қарсы тұруға жігерлендірді. Осы жылы Шымкент маңында, Ордабасы тауында үш жүз өкілдері қатысқан мәслихат өтті, онда қазақ әскерінің жоғарғы бас қолбасшысы – сардар сайлануы керек болды. Сардар келешекте жоғарғы ханның орнын басатынын түсінген сұлтандар арасында қайтадан талас туды. Алайда істің нақтылығы билерді қатал орталық билікті жақтаушы Әбілхайырдың пайдасына шешім қабылдауға мәжбүр етті. Үш жүздің әскерін ұйымдастыруда Бөгембай, Тайлақ және Саурық батырлар маңызды роль атқарды. 1729 жылы Балқаш көлінен оңтүстікте Аңырақайда ірі шайқас болды. Жоңғарлар тағы да талқандалып шегінді. Жеңістен соң Қазақ хандығын біріктіру мен қайтыс болған Болаттың орнына хан сайлау мәселесі тұрды. Сайлауда Әбілхайыр айналып өтіліп, билер хан тағын Болаттың ұлы Әбілмәмбетке (1730-1771) тапсырды. Сұлтандардың бөлігі мәслихат шешіміне бағынудан бас тартты. Әбілхайыр жақтастарымен қазақ әскерін тастап, Жайыққа көшіп кетті. Оның үлгісін Сәмеке хан да алды. Осылайша хандар мен сұлтандар арасындағы алауыздық қазақтардың 1726-1730 жылдардағы жеңістерін жоққа шығарып, тағы жалпы қазақ майданын бөлшектенді. Тек жүз билері – Төле бидің, Қазыбек бидің және Әйтеке бидің, сонымен қатар Аңырақай шайқасынан кейін танылған Абылай атымен белгілі Әбілманмұр сұлтанның іс-әрекеттері нәтижесінде бірлік сақталды. Қазақтардың әлсіреуін жоңғарлар тиімді пайдаланды, 1741 жылы қазақтардың жеңілісімен және Абылайдың тұтқынға түсуімен аяқталған жаңа шапқыншылық басталды. Әбілмәмбет өзінің жоңғарларға тәуелділігін мойындауға мәжбүр болды. Жоңғарлар шапқыншылығы қазаққа көз-көріп, құлақ естімеген зардап шектірді. Тек 1758 жылы жоңғарлардың толық жойылуы ғана қазақтардың жоңғар тарапынан болған шабуылынан құтылуына мүмкіндік берді.

Тәуке хан билік еткен кезеңде (1680-1718) Қазақ хандығының нығайтылуы, қазақтардың қырғыздармен және қарақалпақтармен одақтасуы жоңғарлардың қазақ жерлеріне шабуылын уақытша бәсеңдетті. Олардың 1680 ж. Оңтүстік Қазақстанға шабуылдаған уақытында тек Түркістан қаласы ғана жоңғарлардың тонаушылығынан аман қалды. Өйткені онда әскерлерімен Тәуке хан болған еді. Жоңғарлардың салған ойраны Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар тіршілігінің бірте-бірте сөнуінің басты себептерінің

бірі болды. Жоңғарлардың шапқыншылығы маңызды сауда жолдарын кесіп тастады, бейбіт халықтың шаруашылығына үлкен зиянын тигізді.

Қысылтаяң заманда халқына бас болып “Қасым салған қасқа жол”-дейтін сара көшті бастаған Қасымханның, еңсегей бойлы Ер Есімнің “Ескі жолы” еңбектерін ерекше атай отырып, қазақ қоғамында **Тәуке хан** тұсында дүниеге келген “Жеті жарғы” атты қазақ хандығының заңдар жиынтығының өмірге келуінің өз ерекшелігі болды. Тәуке хан билік жүргізген XVII-XVIII ғасырдың басы еліміздің рухани жетілуімен, бірлігімен және гүлденуімен ерекшеленеді. Белгілі тарихшы А.И.Левшин ол туралы былай деп өз ойын білдірді. “Тәукенің тұсында қазақтардың жүрегі ашық болды, мейірбандылыққа толы болды”-деп жазды. Ол тағы да мынандай ойын айтты: “Тәуке хан қазақ ордаларының ұйытқысы. Ол өзара қантөгістің қажыған халқын тоқтатып, тайпаларды татуластырды, баршаны күштілерге бағынуға уағыздады, ол күштілерді өзі тоқтатып, баршаға бірдей заң шығарды”-деп атап өтті.

Тәуке хан 1680-1718 жылдар аралығында хандық құрды. Ол өзінің барлық өмірін 1635 жылы көшпелі қазақтардың шығыс шекарасында құрылған жоңғар мемлекетінің шапқыншылығымен күресумен өткізді. Тәуке қазақ хандығын нығайту үшін, сыртқы жауларға тойтарыс беру жолында бірқатар шаралар қабылдады. Ол 1680 жылы билер кеңесін құрды. Ханның маңызды билік жүйесі болып табылатын билер кеңесі әрдайым Тәукеханның белгілі бір ордасында – Түркістан қаласы жанындағы Битөбеде, Сайрам қаласы маңындағы Мартөбеде және Сырдария облысының Ангрен қаласына жақын жердегі Күлтөбеде өткізілген билер кеңесі қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатындағы аса маңызды нәрселерді шешетін тұрақты жүйеге айналды.

Ол қазақтың үш жүзінің ең беделді билернің қатысуымен билер кеңесін сәтті ұйымдастырып отырды. Өлы жүзде Төле бидің, Орта жүзде Қазбек бидің, Кіші жүзде Әйтеке бидің беделі ерекше болды. Қажетті мәселелерді шешуде хан билер кеңесінің көмегіне арқа сүйейтін. Осының арқасында Тәуке хан халық арасында үлкен беделге ие болып атағы алысқа жайылды.

Қазақтың барлық үш жүзіне билігі толық тараған Тәуке хан тұсында “**Жеті жарғы**” немесе “Жеті ереже” өмірге келді. Бұл ереже “Тәукеханның ережесі” немесе “Тәуке ханның заңдары” деп аталды. Тегінде жеті жарғының негізгі көзі деп бәрінен бұрын қазақтардың әдеттегі бұйрығы құқығын, сондай-ақ Тәукенің бұрын өмір сүрген қазақ хандарының жазылмаған заң ережелерін мойындаған жоқ. Заңдарға негізінен алғанда қазақ қоғамының XVII ғасырдағы әскери-саяси және әлеуметтік өмірінің қажеттеріне сәйкес келетін ережелер енгізілген. Жеті жарғыны жасау қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларын қазақтың феодалдық қоғамның жаңа қажеттеріне бейімдеу, бұл орайда ол нормалардың феодал шонжарларының мүдделеріне сай келетіндерін ғана сақтау мақсатын көздеді. Сөйтіп Тәуке ханның “Ережесінде” сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік және құқықтық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары қамтылған. “Жеті жарғы” заңы бойынша үкімет билігі хан қолында болды. Бүкіл халық мүддесіне байланысты мәселелерді халық жиналысында шешіп отырған. Жекелеген қылмыстық, азаматтық, семьялық, жер туралы, алым-салық туралы т.б. мәселелерді “Жеті жарғы” заңының баптары бойынша шешетін болған.

Мысалы, Қанға-қан алу, кек қайтару, құн төлеу, қатардағы кісі өлсе оның құны 1000 қоймен бағаланған, әйел өлсе 500 қой, ал үстем тап өкілдері Сұлтан, Қожа өлтірілетін болса 7-жай адамның құны төленетін болған. Сол сияқты дене мүшелеріне зиян келтіргені үшін де белгілі мөлшерде мал төленген. Мысалы, басбармақ сынса – 100 қой, шынтақ сынса – 20 қой шығынмен төленген. Егер де ұрлық жасаса ұрланған заттың құны үш тоғыз болып қайтарылуға тиісті болды. Егер мал ұрланса түйе басы бір тұтқын, жылқы басы бір түйе, қой басы бір жылқы қосып қайтарып беруге тиісті болды. “Жеті жарғы заңы бойынша өлім жазасы екі түрлі жолмен жүзеге асырылған: 1) Дарға асып өлтіру; 2) таспен атып өлтіру. Тәуке ханның “Жеті жарғысының” әрбір бабы сол заманның талабына сай

келді. Онда әкімшілік, қылмыстық, азаматтық көзқарастар туралы ережелер енгізіліп, қазақ қоғамында заңдылықты тәртіпті нығайтудағы рөлі зор болды.

Қорыта айтқанда Тәуке хан реформасының нәтижесінде қазақ халқының тарихына ірі құқықтық өзгерістер енгізгендігімен әйгілі болды.

Сайрам шайқасы – қазақ-жоңғар арасындағы 1684 жылы болған шайқас. Қазақ хандығында қалыптасқан ауыр жағдайды пайдаланып, 1681 жылы жоңғар қонтайшысы Қалдан Бошигт қалың қолмен Жетісуға басып кіреді.

Шу, Талас арқылы Арысқа жеткен жоңғарлар қазақ жасақтарын жеңіліске ұшыратып, Сайрам қамалын қоршады. Бірақ, Сайрам қамалы берілмейді. Жоңғар әскері қысқа қарай кері шегініп, Іленің жағасына кетіп, күш жинады. 1682 – 83 жылдары соғыс Сайрамның түбінде жүрді. Екі жақ бір-біріне алдырмады. Ақыры, 1684 жылы жазда Қалданның інісі Севан Рабдан Сайрамды басып алды. Жоңғарлар мыңдаған тұтқындарды, қисапсыз олжаны қолға түсірді. Сайрам шайқасынан кейін Жетісу өлкесі жоңғарлардың билігіне көшті.

Оқытудың техникалық құралдар слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық
Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Күрделі деңгей:

Қазақ хандығы дәуірінің кезеңделуі туралы тұжырымдаңыз

Орта деңгей:

Қазақ хандығының XVI ғ. басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына тарихи баға беріңіз

Жеңіл деңгей:

«Қазақ» терминінің әлеуметтік, этникалық мәні мен мазмұны туралы баяндаңыз

БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері

1. Билер институты.

2. XVII ғ - XVIII ғ.ғ. Қазақ мемлекетінің сыртқы саясаты мен дипломатиясы

3. Қазақ хандығының рухани өмірі мен идеологиясындағы Ахмет Ясауи кесенесі мен қасиетті Түркістан қаласының рөлі.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.

2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.

3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.

4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.

5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016

7. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.

- 8.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
- 11.Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

Қосымша:

- 1.Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
- 3.Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
- 4.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан.және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., ЖылгелдиновМ.Т.Астана, 2017
- 9.Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған ; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
- 10.Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы.Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст] : оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

WEB сайттар тізімі

1. e-history.kz
2. tarikh.kz